

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ**

«Қазгидромет» РМК



**Тау өзендері бойынша гидрометеорологиялық ақпараттар №92
(Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің күнделікті бюллетені)**

«14» қыркүйекке 2022 ж.

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «13» қыркүйек күні 21 сағаттан «14» қыркүйек күні 21 сағ. дейін 2022 ж.)

құрастырылған уақыты: 13.09.2022 ж.

Мекен жайы : Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 11/1
Алматы қ., Абай көшесі, 32

Кезекші синоптик:	Калманбаева Р.	тел.: 8(7172) 79-83-75	e-mail: ukpp@meteo.kz
Кезекші инженер-гидролог:	Молдағалиева А.	тел.: 8(7172) 79-83-94	e-mail: moldagalieva_a@meteo.kz
СҮЗСББ басшысы:	Яфязова Р.	тел.: 8(727) 267-64-87	e-mail: seli@meteo.kz

**2022 жылғы «14» қыркүйекке
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы**

Іле Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 10-15 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5 градус аяз, күндіз 5-10 градус жылы
Күнгеі Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 12-17 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан, солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, күндіз екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 13-18 градус жылы.
Жетісу Алатау	Кей жерлерде жауын-шашын (0,6-3,0 мм). Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 7-12 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2 граду аяз-3 градус жылы, күндіз 4-9 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, күндіз екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 15-20 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, күндіз екпіні 23-28 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 15-20 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жауын-шашынсыз. Шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 4-9, күндіз 16-21 градус жылы.
Өгем жотасы	Жауын-шашынсыз. Шығыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз градус 22-27 жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Күндіз кей жерлерде шаңды дауыл. Оңтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 25-30 жылы.
Сауыр	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм). Солтүстік-батыстан, солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 10-15 жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан, солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, кей жерлерде 8, күндіз 10-15, кей жерлерде 18 жылы.
Қазақстандық Алтай	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-7,0 мм). Солтүстік-батыстан, солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, күндіз 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, кей жерлерде 8, күндіз 13-18, кей жерлерде 10 жылы.

2022 жылғы 13 қыркүйектегі жағдай бойынша Іле Алатауының таулы өзендеріне шолу

Өткен тәулікте Іле Алатауының таулы өзендерінде су деңгейінің шамалы ауытқуы байқалды: Үлкен Алматы өзені – Үлкен Алматы көлінен 1,1 км жоғары орналасқан ГБ-де 4 см-ге. Үлкен Алматы көлінің су деңгейі 30 см-ге көтерілді. Таулардағы температуралық фон 0°C -дан 10°C -ға дейінгі жылу диапазонында сақталады. Нөлдік изотерма теңіз деңгейінен 3190 м биіктікте орналасқан.

Білімқұмарлар үшін селдер туралы мәліметтер

1887 жылы Верный жер сілкінісі Проходной өзені алабында ауқымды селдің пайда болуына ғана алып келмеді, (моренаның сұйылуы орын алып, ол" ерекше жылдамдықпен " Үлкен Алматы өзенінің алқабына шығып, қалыңдығы 60 м-ге дейін, ені 300 м-ге дейін және ұзындығы шамамен 3 км және көлемі шамамен 54 млн м^3 шөкті), сонымен қатар



ол Көкшоқы және Ақжар деп атау алған екі ірі құламаның- бытыраңқы сел құраушы ошақтардың пайда болуына алып келді. Құлама массасының жалпы көлемі шамамен 50 млн м^3 құрады.

Көкшоқы жылғасының (Үлкен Алматы өзенінің сол саласы) су жинау аумағы шамамен 2,7 км^2 , ұзындығы 2,8 км, орташа еңісі 12° , су жинау биіктігінің амплитудасы 1900-1300 м (жоғарғы суреті). Ақжар жылғасының (Ақсай өзенінің оң саласы) су жинау аумағы шамамен 1,7 км^2 , ұзындығы - 1,5 км, орташа еңісі -15° , су жинау биіктігінің амплитудасы 1800-1400 м (төменгі сурет).



Бұл ошақтардың ерекшелігі теңіз деңгейінен су жинаудың салыстырмалы түрде төмен биіктігіне (нәтижесінде жылы кезеңнің ұзақтығы үлкен), үлкен көлбеулігіне және жеткілікті үлкен су жинау алаңына, сондай-ақ селдің қалыптасуына қатысатын борпылдақ тау жыныстарының қорына байланысты селдер мамырдан қыркүйекке дейін қалыптасады.

Осы ошақтардың маңында қолайлы климатқа байланысты жеміс беретін өсімдіктер (өрік, алма, жаңғақ, долана, итмұрын, шырғанақ және т.б.) өсіп, Алматы қаласының тұрғындарын қызықтырады. Жаңбыр кезінде сел ошағында болу өте қауіпті. Көкшоқы мен Ақжардағы селдің максималды шығыны $50 \text{ м}^3/\text{с}$ дейін жетеді.

Тауда жүргенде сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыздар.

Іле Алатауының таулы өзендерінің режимі туралы мәліметтер
2022 ж. "13" қыркүйекке

№	Өзен	Пункт	Биіктік, м	Ауа температурасы, °С			Жауын-шашын, мм		Су деңгейі, см		Су өтімі, м³/с			Тәуліктегі су деңгейінің өзгерісі (8 сағ.), см	Лай- лылық
				Макс. 12.09	Мин. 13.09	08 ч. 13.09	День 12.09	Ночь 13.09	Ср. 12.09	08 ч. 13.09	Ср. 12.09	Макс. 12.09	08 ч. 13.09		
1	К. Алматы	Мыңжылқы М	3017	6.0	-2.2										*
2	К. Алматы	Мыңжылқы ГБ	3017			0			259	256	0.22	0.25	0.07	-2	*
3	К. Алматы	Тұйықсу а. ГБ	2466			7.0			606	605	0.52	0.52	0.41	-1	*
4	К. Алматы	Шымбұлақ М	2200	5.5	1.5										*
5	К. Алматы	Сарысай ГБ	1928			5.0			263	262	1.47	1.47	1.37	-1	*
6	К. Алматы	Медеу ГБ	1700			6.0			104	103				-1	*
7	Батарейка	Просвещенец ГБ	1569			9.0			47	47	0.08	0.08	0.08	0	*
8	К. Алматы	Алматы қ. ГБ	1179			6.0			186	186	1.29	1.29	1.29	0	*
9	Бұтақ	Бұтақ ГБ	1475			8.0			244	244				0	*
10	Ү. Алматы	көл. 1.1 км жоғарыдағы ГБ	2654			0.0			309	310	1.61	2.10	1.88	+4	*
11	Ү. Алматы	Проходной ө. 2 км жоғарыдағы ГБ	1471			10.0			271	271				0	*
12	Құмбел	Устье ГБ	2150			2.0			70	70				0	*
13	Проходная	Устье ГБ	1422			7.0			272	270	1.32	1.27	1.17	-2	*
14	Терісбұтақ	Устье ГБ	1362			8.0			207	207	0.65	0.65	0.65	0	*
15	Қаскелең	Қаскелең ГБ	1133			9.0			279	278	4.27	4.36	4.17	0	*
16	Түрген	Таутүрген ГБ	1054			8.1			96	93	0.35	0.28	0.28	-5	
17	Есік	Есік қ. ГБ	1279			8.0			198	198				0	*
18	Талғар	Талғар ГБ	1199			9.0			302	300				-2	*
19	Үлкен Алматы көлі	Көлдің солтүстік жағалауында ГБ	2500	6.6	0.4	7.8			878	892				+30	*

Ескертпе:

* - деректер жоқ

Қазақстан аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру
«14» қыркүйекке 2022 ж.

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Маусымдық қар желісі жоқ. 3900 м биіктікте қар дақтары жатыр. Мұздықтардың еруі ауа температурасының төмендеуіне байланысты баяулады. Топырақтың ылғалдануы критериалды мәннен төмен. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Күнгей Алатауы	
	Теріскей Алатауы	
Жетісу	Жетісу Алатауы	Мұздықтардың еруі ауа температурасының төмендеуіне байланысты баяулады. Кей жерлерде жауын-шашын (0,6-3,0 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.
Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Мұздықтардың еруі ауа температурасының төмендеуіне байланысты баяулады. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Мұздықтардың еруі ауа температурасының төмендеуіне байланысты баяулады. Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-5,0 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.
	Қазақстандық Алтай	Мұздықтардың еруі ауа температурасының төмендеуіне байланысты баяулады. Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1,0-7,0 мм). Гидрометеорологиялық жағдайлар жаңбыр генезисті селдерінің қалыптасуына ықпал етпейді.